

## Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 8 қазандағы N 3122 Жарлығын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 9 қазан N 1247

"Жалпыға бірдей әскери міндептілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қаңтардағы Заңын және "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 1996 жылдың қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 8 қазандағы N 3122 U963122\_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері:

шақыру комиссияларының жұмысын ұйымдастырысын және азаматтардың 1996 жылдың қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке шақырылуын қамтамасыз етсін;

темір жол стансаларында, жас ұрпақты әскерге жинайтын және жөнелтетін жерлерде кезекшілікті күшейтуді белгілесін;

жиналатын және қызмет өткеретін жерге баратын жолда командаларды жөнелтуді және алып жүруді қамтамасыз етсін.

2. Әскери комиссариаттар пәрменді шарапалар қолдану үшін азаматтардың мерзімді әскери қызметке шақырылу барысы туралы облыстардың және Алматы қаласының әкімдеріне дер кезінде хабарлап отырын.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі шақыру пункттерін медициналық қамтамасыз етуді, сондай-ақ әскери комиссариаттардың тапсырысы бойынша шақырылушыларға медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырын.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мерзімді қызметтің запасқа шығарылған әскери қызметшілерін және әскери қызметке шақырылған азаматтарды Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің тапсырысы бойынша тасымалдауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен келісе отырып тасымал үшін есеп айырысу жүргізсін.

5. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары шақырылған жастар арасындағы "Жалпыға бірдей әскери міндептілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын сақтау және Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 8 қазандағы N 3122 Жарлығының талаптарын орындау

жөніндегі алдын ала істелетін жұмысты жандандырысын.

6. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бүқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттік, "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы және Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп азаматтардың мерзімді әскери қызметке

даярлығын және шақырудың өткізілуін көрсетсін, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа әскери және әскери құрамаларында қызмет өткеруін кең танымал етсін, азаматтардың өзінің конституциялық борышы мен міндеттерін орындауды жөнінде насхат жұмысын жүргіздін.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары